

КІРІСПЕ

Қояндар ([лат. Leporidae](#)) – [сүтқоректілердің](#) бір тұқымдасы, 8 туысқа бөлінетін 50 түрі бар

Бұлардың ішінде тез жүгіруге, ін қазуға, жүзуге, ағашқа өрмелеуге бейімделген түрлері кездеседі. Салмағы 0,1 – 4,5 кг, дене тұрқы 12 – 75 см, [Мадагаскар аралы](#), Оңтүстік [Американың](#) оңтүстік аймағы, [Антарктидадан](#) басқа барлық жерде таралған. Шөп, [ағаш](#) қабығын, бүршігін, бұтағын жейді. Жылына 4 рет 2 – 8 (кейде 15) [көжек](#) туады. Тұрақты іні болмайды, көжегі жүндес, бірден жүріп кететіндей жетіліп туылады, бірнеше күннен кейін өзі қоректенеді. Үй қояны ғана ін қазады, топ-топ болып тіршілік етеді. Көжегі көзі ашылмай, өте дәрменсіз, қызылшақа болып туылады. Кәсіптік маңызы бар, әуестік үшін де ауланады. Қоянның кейбір түрлері жайылымға, жеміс бағына, жас орманға үлкен зақым келтіреді. Кейбіреулері індет таратады. Қазақстанда кездесетін 3 түрі (ақ қоян, құм қоян, ор қоян) бар. [Ақ қоян](#), негізінен, қалың қар түсетін [Қостанай](#), [Солтүстік Қазақстан](#), [Павлодар](#) және [Ақмола](#) облыстарындағы орманды далаларда, [Қарағанды](#), Шығыс Қазақстан облыстарындағы таулы аймақтарда көптеп, ал Батыс Қазақстан, [Ақтөбе](#), [Алматы](#) облыстарында сирек кездеседі.

Қоянның Қазақстанда 3 түрі кездеседі.



Орқоян - қоянтар ізділер отрядының өкілі. Бұл отрядқа қояннан басқа шақылдақтар жатады. Орқоян - осылардың ішіндегі ең үлкені (денесінің ұзындығы 50-70 см, салмағы 4-6 кг). Басқа қояндар сияқты мұның да артқы аяқтары алдыңғысына қарағанда ұзынырақ, сондықтан секіріп жүгіреді. Жылдамдығы сағатына 70 шақырымға жетеді, қуғыннан қашқанда көбіне кілт бұрылыстар жасап, ирек-ирек жүгіреді. Жазда

терісінің түсі сұр, ал қыста қатты ағарады, бірақ ақ қоянның айырмасы, құйрығының үсті қысы-жазы қара жолақты. 12 жылдай өмір сүреді. Аналығы 44-46 күн буаздықтан кейін, 6 көжекпен дүниеге әкеледі. Көжектері көздері жабық, денесі жүнмен қапталған, өзінше қозғала алатындай ширақ болып туылады. Негізгі жаулары - қасқыр мен түлкі, кейде дала қыраны мен бүркіт те қоян алады. Қазақстанда аңшылар жылына 3000-дай қоян аулайды.



Ақ қоян - орқоянға өте ұқсас, денесі шамалы кішілеу (салмағы 3-4 кг). Олар көбіне бірге мекендейді. Ақ қоянның ерекшеліктері: құлағының сырт жағында ақ жолағы бар (құлағының іші қара), құйрығы қысқа, әрі дөңгелек. Қыста терісінің бояуы ағарады, сондықтан ақ қоян деп аталады. «Ақ қоян» тоғайлар мен өзен, көлдердің жағалауларындағы қамыстарда тіршілік етеді. Негізгі жаулары - қасқыр, түлкі. Басқа қояндар сияқты, аң аулау нысаны болып табылады.



Құмқоян - Қазақстанда мекендейтін үш қоянның ішіндегі ең кішкентайы (денесінің ұзындығы 50 см, салмағы 2,5 кг). Қазақстанның оңтүстік бөлігінде биік тау белдеулеріне дейін көтеріледі, дегенмен шөл және шөлейтті аймақтарда кең таралған түрі. Ін қазбайды, күндіз демалысы үшін таяз сайларды пайдаланады. Жатқанда жүні үйпаланбай және бөтен дыбыстарды есту үшін басын желге қаратып жатады, жел бағыты

ауысқан сайын, бұл да бағытын ауыстырып отырады. Басқа қояндар сияқты бұл да жылына 5-7 рет көбейеді, бір көбейгенде 6-7 көжек туады. Аналығы алғашқы кезде көжектерінің қастарынан ешқайда кетпей, қамқор болады. Құмқоян қасқыр, түлкі, дала мысығы және ірі қанатты жыртқыштар - бүркіт, кезқұйрық, тілеміш, тіпті шөл қарғасының да негізгі қорегі болып табылады. Үкі қояндарға көп зиян келтіреді. Қазақстанда жылына 85 мың құмқоян терісін даярлайтын болған.

АҚ ҚОЯН

Ақ қоян ([лат. *Lepus timidus*](#)) – [қояндар](#) тұқымдасының бір түрі.

Ақ қоян негізінен қалың қар түсетін орманды жерлерде тіршілік етеді. [Қостанай](#), [Солтүстік Қазақстан](#), [Павлодар](#) және [Ақмола облыстарындағы](#) орманды далаларда, [Қарағанды](#), [Шығыс Қазақстан облыстарындағы](#) таулы аймақтарда көптеп, ал [Батыс Қазақстан](#), [Ақтөбе](#), [Алматы облыстарында](#) сирек кездеседі. Жыл бойы жайылым жағдайына, қардың түсуіне орай, жыртқыштардың азды-көптігіне қарай қоныстарын ауыстырып отырады. Дене тұрқы 68 см, салмағы 5 – 6 кг. Жазда түсі сұрғылт қоңыр, қыста түгелдей аппақ болып түлейді. Басқа қояндардан ерекшелігі құлақ қалқанының ұшы қара, құйрығы дөңгеленген қысқа болады. Жылына, ақпан – маусым айларында 2 – 3 рет көбейеді, 3 – 10 көжек туады. Жазда шөптесін өсімдіктермен, бұталармен, ағаштармен қоректенеді, ал күз, қыс айларында ағаш бұталары мен қабықтарын кеміреді. Ақ қоян [туляремия](#) ауруын таратуы мүмкін. Ағаштардың қабығын кеміріп, орман шаруашылығына аздап зиянын тигізеді. Ақ қоян еті, терісі мен түбіті үшін ауланады.^[2]



ОР ҚОЯН

Ор қоян ([лат. *Lepus eурopaеұс*](#)) – қоян туысының бір түрі, қояндардың ішіндегі ең ірісі.

Дене тұрқы 53 – 69 см, салмағы 3,5 – 5,8 кг. Артқы аяқтары алдыңғысына қарағанда екі есеге жуық ұзын. Түсі әр маусымда әр түрлі. Жазда және қысқа қарай құйрығында қара жолақ пайда болады. [Қазақстанның батысы](#) мен [солтүстігінде](#), әсіресе Батыс Қазақстан, [Атырау](#), [Ақтөбе](#) облыстарында таралған. [Шөл](#), [шөлейт](#), [далалы](#) жерлерді мекендейді. Іні су жағалауларында, бұталардың түбінде, орманның жиегінде болады. Тіршілік әрекеті іңірде және түнге қарай басталады. Жылына 2, кейде 3 рет (44 – 46 күнде бір рет), 3 – 9 көжектен туады. Денесін қалың түк басқан, [көжегі](#) – көзі ашық, ширақ болып туады, бірден жүріп кетеді. 12 жылдай тіршілік етеді. Өсімдікпен қоректенеді. Көбейіп кетсе бау-бақшаға зиян келтіреді. Сондай-ақ, [туляремия](#) ауруын таратады. Ор қоян еті, терісі үшін ауланады.

ҚҰМ ҚОЯНЫ

Құм қояны- қояндар ішіндегі ең кішісі. Салмағы 1,5-2,5 килограмдай ғана болады. Ол республикамыздың территориясында шөл аймақтарда және Тянь- Шань тауының етегінде таралған . Өзінің аты көрсетіп тұрғандай , қоянның бұл түрі оңтүстік бөлігіндегі шөл аймақтардағы құмда көп кездеседі. Ол әсіресе Қызылқұмда , Қарақұмда және Мойынқұмда жиі қоныстанады. Оның қоры Іле өзенінің атырауы мен Балқаш көлінің төңірегінде көп Шөл аймақтағы құмды жерлерге қарағанда сулы аудандардағы өзендердің бойындағы құм қояндарының көбірек кездесетіндігі анықталып отыр. Мәселен Мойынқұмда бір шаршы километр жерге 2 қояннан , ал Шу өзенінің жағасында осындай жерге 13 аңнан келеді Құм қояндарының мекендері- төбе –төбе құ сексеуіл , жыңғыл сияқты ағаштардың арасы , көлдердің жағасындағы , қамысты сортаң жерлер . Әсіресе олар әр түрлі бұталы ағаштар өскен су жағасында көбірек мекендейді. Өйткені мұндай өңірлерде қоян жейтін жыңғыл , шеңгел сияқты бұталармен қатар жусанның түр – түрі сораң алабота қаулап өседі. Құм қояны жатағынан жер бетіне көбіне түгі мезгілде шығады. Бұл отырықшы тіршілік ететін аңның бірі . Сонымен бірге жыл бойына және маусымға байланысты ол жақын жерлерге қонысын ауыстырып отырады. Жаз айларында су қояны су бойына жақын , қамыс өскен жыңғылды бұталар арасын мекен етеді Өйткені ол кезде су маңы салқындау болады да , аң шілденің қайнаған ыстық күндерінде одан жақсы сая табады. Ал аязды қыс айларында сексеуіл өскен құмға қоныс аударады . Құм қояны өсімтал келеді . Ол да басқа қоян түрлері сияқты жылына екі – үш рет көжектеп , әр туғанда 1- ден 9- ға дейін , көбінесе 4-6 көжек табады. Сөйтіп әрбір ұрғашы қоян орта есеппен 12-15 көжек береді . Сөйтіп Қазақстанның кең – байтақ даласында қоянның үш түрі тараған. Олар ор қоян , ақ, және құм қояндары. Бұлардың біріншісі батыс , екіншісі-солтүстік ал үшіншісі – оңтүстік облыстардың жерінде көбірек кездеседі.

ҚҰМ ҚОЯНЫ



ОР ҚОЯН

Ор қоян ([лат. *Лепұс еұропаеұс*](#)) – қоян туысының бір түрі, қояндардың ішіндегі ең ірісі.

Дене тұрқы 53 – 69 см, салмағы 3,5 – 5,8 кг. Артқы аяқтары алдыңғысына қарағанда екі есеге жуық ұзын. Түсі әр маусымда әр түрлі. Жазда және қысқа қарай құйрығында қара жолақ пайда болады. [Қазақстанның батысы](#) мен [солтүстігінде](#), әсіресе Батыс Қазақстан, [Атырау](#), [Ақтөбе](#) облыстарында таралған. [Шөл](#), [шөлейт](#), [далалы](#) жерлерді мекендейді. Іні су жағалауларында, бұталардың түбінде, орманның жиегінде болады. Тіршілік әрекеті іңірде және түнге қарай басталады. Жылына 2, кейде 3 рет (44 – 46 күнде бір рет), 3 – 9 көжектен туады. Денесін қалың түк басқан, [көжегі](#) – көзі ашық, ширақ болып туады, бірден жүріп кетеді. 12 жылдай тіршілік етеді. Өсімдікпен қоректенеді. Көбейіп кетсе бау-бақшаға зиян келтіреді. Сондай-ақ, [туляремия](#) ауруын таратады. Ор қоян еті, терісі үшін ауланады. [\[1\]](#)

ОР ҚОЯН



ҚОЯНДАРДЫҢ ПАЙДАСЫ

Қояндардың пайдасы

Қояндардың негізгі адам өміріндегі пайдасы – терісі. Терісінен бас киімдер, тон немесе ішіктер тігіледі. Қыстың күні қоян терісінен тігілген киімдер өте жылы болады. Қоян терісінен тігілген бас киімдер адамның бас сүйектерін суықтан қорғай алады. Қояндар жылына терісін ауыстырып отырғандықтан, адамдар терісінің түрлерін таңдай алады[1].

Қояндар (лат. Leporidae) – сүтқоректілердің бір тұқымдасы, 8 туысқа бөлінетін 50 түрі бар. Бұлардың ішінде тез жүгіруге, ін қазуға, жүзуге, ағашқа өрмелеуге бейімделген түрлері кездеседі. Салмағы 0,1 – 4,5 кг, дене тұрқы 12 – 75 см, Мадагаскар аралы, Оңтүстік Американың оңтүстік аймағы, Антарктидадан басқа барлық жерде таралған. Шөп, ағаш қабығын, бүршігін, бұтағын жейді. Жылына 4 рет 2 – 8 (кейде 15) көжек туады. Тұрақты іні болмайды, көжегі жүндес, бірден жүріп кететіндей жетіліп туылады, бірнеше күннен кейін өзі қоректенеді. Үй қояны ғана ін қазады, топ-топ болып тіршілік етеді. Көжегі көзі ашылмай, өте дәрменсіз, қызылшақа болып туылады. Кәсіптік маңызы бар, әуестік үшін де ауланады. Қоянның кейбір түрлері жайылымға, жеміс бағына, жас орманға үлкен зақым келтіреді. Кейбіреулері індет таратады. Қазақстанда кездесетін 3 түрі (ақ қоян, құм қоян, ор қоян) бар. Ақ қоян, негізінен, қалың қар түсетін Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Ақмола облыстарындағы орманды далаларда, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарындағы таулы аймақтарда көптеп, ал Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Алматы облыстарында сирек кездеседі[7].

Жыл бойы жайылым жағдайына, қардың түсуіне орай, жыртқыштардың азды-көптігіне қарай қоныстарын ауыстырып отырады. Дене тұрқы 68 см, салмағы 5 – 6 кг-дай болады. Жазда түсі

Қоян етін қалай қолдануға болады?

Қояндарда ақуыздың үлкен саны бар және ол 96% адам ағзасына жұтып қойған. Бұл оңай сіңірілетін өте нәзік өнім. Сондықтан асқазан-ішек жолдарының аурулары бар науқастарға және ас қорыту проблемаларымен ауыратын адамдарға көрсетіледі. Бұл өнім спортшылар, жас балалар, емізетін аналар, қарттар үшін ұсынылады. Қоян етінің пайдасы - қоректік заттардың керемет көзі және ақуыз-майдың метаболизмін оңтайландыруға қабілетті. Сонымен қатар, бұл ет түрі іс жүзінде аллергияларға тәуелді емес, сондықтан да нәрестелер үшін қауіпсіз.

Қоян үшін тағы не пайдалы, сондықтан бұл адам ағзасындағы рак клеткаларының ықтималдығын төмендетуге арналған бірегей қабілет. Оны рациондарға радиоактивті ластану ықтималдылығымен және онкологиялық ауруға шалдығу қаупін барынша азайтқысы келетін адамдарға диетаға қосу керек. Диабетиктерге қоян етін жеуге тура келеді, ал бұл жағдайда өнімнің пайдасы - қан қант деңгейін қалыпқа келтіру. Қоянның антиоксиданттық қасиеттері бар, мидың жасушаларында миелин өндірісін оңтайландырады, гипоксияда оттегінің сіңуін жақсартады, шырышты қабығын нығайтады, оның құрамындағы фосфор сүйек тініне жақсы әсер етеді.



Қояндар жайлы 18 мәлімет

1. Қояндар мысық пен иттен кейінгі, ең танымал үй жануары.
2. Қояндарды Антарктидадан басқа, барлық материктерде кездестіруге болады.
3. Шын мәнінде, қояндар етпенде қоректенеді.
4. Олар 70 км/сағ жылдамдықпен жүгіре алады.
5. Ұрғашы, еркек қоянға қарағанда 2 есе ұзақ өмір сүреді.
6. Бұл жануардың тістері өмір бойы өседі. Сол себептен, олар тістерін үнемі қайрап отырады.
7. Қоянның індерінің тереңдігі - 3 метрдей, сондай-ақ, бірнеше бөлмеден тұрады.
8. Ең үлкен қоян шамамен 12 миллион жыл бұрын өмір сүрген. Оның салмағы - 15 килограмм болған.
9. Екі аяғының ұзындығы әр түрлі. Сондықтан, жүгірген кезде маймақ сияқты болып көрінеді.
10. Қояндар тез көбейеді, олар бір дегенде 8-20 бала туады.
11. Қоянды ұстап алсаңыз, оның жүрегі қатты қорыққандықтан жарылып кетуі әбден мүмкін.
12. Орташа өмір сүру ұзақтығы - 8-9 жыл.
13. Жер бетінде, қоянның 30-дан астам түрі өмір сүреді.
14. Қоян жаңбыр жауған кезде, құлақтарын жабады. Өйткені, құлаққа су кірсе, ол тұмаумен ауырып қалуы мүмкін.
15. Адамдар оларды қорқақ және әлсіз деп ойлайды. Бірақ шын мәнінде, қояндар өз қарсыласын қатты жарақаттай алады.
16. Иіс сезу және есту қабілеті жақсы дамыған. Бірақ, көздері нашар көреді.
17. Қоянның миы кішкентай болса да, ол ақылды және тез ойланады. Қауіпті төнген кездерде, бұл қабілеттері оларға өте қатты көмектеседі.
18. «Бір қоянға - жүз аңшы бар» деген мақалды барлығымыз білеміз. Қазіргі таңда, тек қана жылдам көбеюіне байланысты ғана, бұл жануарлар жойылып кетпеген.

Қорытынды

Осы ғылыми жобамдағы қоянды таңдау себебім, мен үшін қояндар ең сүйкімді тіршілік иелері. Осы жобаның арқасында қаншама қызықты мәліметтерді жинақтай отырып, өзімде танысып сіздерге ұсынамын. Қоян туралы көптеген мәліметтер жинақтадым.

Мысалы, адам организмінде қоян етіндегі белоктің 90%-ті қорытылып, сіңірілсе, сиыр етінің тек 62%-ті ғана сіңеді. Қоян етінің 1 кг-мында 1384-1820-ға дейін каллорияға дейін болады. Қоянның майы ақ, жұмсақ.

Қоянды сою және терісін сыпыру. Сақа қояндар әдетте көктемде және күзде түлейді. Сояр алдында қоянның жүнін тарап, тазалайды, 12-16 сағат бойы азықтандырмайды, су да бермейді.

Егер үй қояндарының терілері үлкен, ұшасы семіз болсын десе, соярдың алдында 1 ай бұрын оны бордақылау керек. Терісін бақайдан бастап ағашқа іліп, көзінің айналасын және ауыз тесігінің терісіне дейін сыпырады, құлақтық шеміршегін кеседі. Содан кейін теріде қалған еттерді, сүт бездерін, майын кетіреді. Теріні кептіріп, илейді.

Көжектерден алғашқы рет 2-2,5 айлығында бірінші түлей бастағанға дейін (түбітінің ұзындығы 6 см болғанша), екінші рет 4-4,5, үшіншіде 6-6,5 айлығында алынады.

Қоянның биологиялық ерекшеліктері. Қоян, басқаларымен салыстырғанда, өте өсімтал мал. Сақа қоян 1 жылда 6-9 рет (30 күнде) көжектеп, 40-50 дейін көжек туады. Әр туғанда 6-9-14 –ке дейі көжек табады. Олар 4-5 айлығында шағылысады. Бір ұрғашы үй қоянынан жылына 60-70 кг ет алуға болады. Еті дәмді, балаға, қарт адамға және бауыры мен асқазаны ауыратын адамдарға пайдалы.

Қояннан тері, түбіт алады. Терісі жеңіл, әдемі, жылы манто, жакет, ішік, жаға, құлақшын тігеді. Түбіттөн әртүрлі тоқыма бұйымдар дайындайды. Бір ұрғашы төлдерімен қояннан жылына 1-1,5 кг